



Инклюзивті білім беру орталығы ашылды

Қоғамдағы әртүрлі топтағы әрбір индивид тұлғаның әлеуметтік теңдіктері заң шеңберінде тең қаралғанмен, әртүрлі әдістемелік құралдар арқылы дамытуға мүмкіндік береді. Еліміздің әр өңіріндегі мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды қолдау негізінде жоғарғы оқу орындарында оқыту орталықтары біртіндеп ашылып жатыр. Аталған жобаның басты мақсаты-қоғам арасында тең мүмкіндік қалыптастыру.

Инклюзивті білім беру –ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды оқытып, үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан. ҚР аяғашқы заңы 2002 жылы “Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік дәрігерлік-педагогикалық және түзету көмегін көрсету туралы” қабылдады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-

білім беру орталығы «Тең болу құқығы» атты тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Ақпараттық білім беру орталығында арнайы көрме ұйымдастырылып, компьютерлік



қамтамасыз ету жолдары мен методикасын айтып өтті. Дөңгелек үстелге қатысушылардың ғылыми-технологиялық прогресс тұрғысынан жасаған озық үлгісі мен пайдалы ұсыныстарынан кейін, шара қонақтары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан



тифлокомплекс, зағип және көру қабілеті нашар пайдаланушыларға арналған тифлоқұрылғылар жазу, оқу машиналары таныстырылды.

Шараға Назарбаев Университеті кітапханасының көмекші технологиялар және қолжетімділік жөніндегі сарапшы-менеджері Абдыкаимов Зият Нұрланұлы және Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға

2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы басты міндеттерінің бірі инклюзивті оқытуды дамыту. Бұл заңның қабылдануы мемлекет пен қоғамның ерекше қажеттілігі бар балаларға оң көзімен қарай бастағанын көрсетті. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының барлық инновациялық жоғары оқу орындарында арнайы қажеттілігі бар жандар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық құралдар, арнайы үстелдер және компенсаторлық құралдармен жабдықталып отыр.

Инклюзивтік білім беру-инновация мен интеграция, академиялық принциптерімен қатар, университет саясатының басты принциптерінің бірі ретінде жарияланған. Бұл дегеніміз университеттің инфрақұрылымында, оның ішінде ақпараттық-кітапханалық ресурстарына кедергісіз ортаны қалыптастырып, тең қолжетімділік жағдайын туғызу деген сөз. Университетіміздің қолдауымен Ақпараттық білім беру орталығының бастамасымен ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар, өз үлгерім деңгейлерін көтеруіне, академиялық ортамен кедергісіз қолдануына, кітапхананың баспа мен электронды ресурстарын пайдалануына қолайлы жағдай жасалуда.

Ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға жоғары білімнің қолжетімділігін ресурстық қамтамасыз ету және кеңейту мақсатында М. Әуезов атындағы ОҚУ Ақпараттық

арналған арнайы кітапхана директоры Нұрманбетов Бәкір Әбдіұлы, Қазақстан голбол федерациясының бас хатшысы, Қазақстан паравелоспорт федерациясының президенті Кенжеғұл Социалұлы қатысты.

Спикер қонағымыз Абдыкаимов Зият: «Зерттеулерге сүйенсек мүгедектігі бар студенттерде екі кедергі болады. Олар ішкі және сыртқы. Білім алуда субъективті мәселелер өздігінен шешілсе, сыртқы кедергі айналасындағы қоршаған ортаға байланысты болады», - деді өз сөзінде. Ол алдағы атқарылатын жұмыстардың бағытын көрсетіп, өз ойымен бөлісті.

Қазақстан голбол федерациясының бас хатшысы, Қазақстан паравелоспорт федерациясының президенті Кенжеғұл Социалұлы онлайн кездесуді: «Мүмкіндігі шектеулі жан жоқ, ал өмір сүруге құштар жанға еш шектеу жоқ. Әлемге жымыяп, өзінің арман-мақсаттарының орындалуына бар күш-жігеріңді жұмсап талпынсаң, барлығы орындалады және жақсылыққа қарай өзгереді»-деп қорытындылады.

Университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы «Университеттегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді әлеуметтік қолдау туралы» және білім беру саласында кедергілерді жою мен ерекше білім беруге қажеттілігі бар азаматтардың сапалы білімге тең қолжетімділігін

университетінің Басқарма төрағасы Дария Пернешқызының атынан алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар, «Ақпараттық білім беру орталығының» директоры Саурбаева Индира Қобланқызы дөңгелек үстелдің қонақтары мен белсенді қатысушыларына алғысын білдірді.

Университетіміздің қолдауымен, атап айтқанда, Ақпараттық білім беру орталығы бастамасымен көзі көрмейтін және әлсіз көретін білім алушыларға арналған екі жұмыс орны тиісті құралдармен жабдықталып, қолданысқа берілді. Арнайы жобада компьютерлік тифлокомплекс, зағип және көру қабілеті нашар пайдаланушыларға арналған тифлоқұрылғылар жазу, оқу машиналары, экрандағы мәтінді үлкейту қондырғылары орнатылған. Орталықтың ашылуына орай ұйымдастырылған дөңгелек үстелдің қатысушылары көкейінде жүрген сауалдарға жауап алды. Шара соңында Зият Нұрланұлы мен Бәкір Әбдіұлы «Инклюзивтік қызмет көрсету орталығының» түңдігін түріп, тұсауын кесті.

Дөңгелек үстелде қозғалған маңызды мәселелер жөнінде тиісті кәсіби мамандардың баяндамалары тыңдалып, осы бағыттың маңызды тұстарына ерекше назар аударылды. Мүмкіндігі шектеулі жандарға инфрақұрылымдық жағдай жасау және заңнамалық талаптар орындалуымен қатар, технологиялық-эволюциялық даму көрсеткіштеріне де икемді болуы керектігі алға тартылып, бағыт-бағдары айқындалды.

Инклюзивті білім беру ісін дамыту қоғам үшін өте маңызды. Сол себепті, елімізде аталған жобаның алар орны ерекше.

Ләззат Жолдыбекқызы
Утегулова,

М.Әуезов атындағы ОҚУ
Ақпараттық білім беру
орталығының

Кітапхананы дамыту бөлімінің
меңгерушісі